



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫН ІСКЕ
АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО ПРАВА В
СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»**



COLLECTION OF MATERIALS

**of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF CRIMINAL
LAW FROM THE VIEWPOINT OF IMPLEMENTATION OF LEGAL
POLICY OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»**

НУР-СУЛТАН - 2021

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО
ПРАВА В СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**COLLECTION OF MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF
CRIMINAL LAW FROM THE VIEWPOINT OF
IMPLEMENTATION OF LEGAL POLICY OF REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN»**



УДК 343.2/.7 (574) (075.8)

ББК 67.408 (5Қаз) я73

Редакционная коллегия

Нурмагамбетов А.М. – доктор юридических наук, профессор, заведующий кафедрой гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Сембекова Б.Р. – кандидат юридических наук, профессор, заведующая кафедрой уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Тлепина Ш.В. – доктор юридических наук, профессор, заведующая кафедрой международного права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Галиакбарова Г.Г. – PhD, и.о. доцента кафедры гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Балгынтаев А.О. – PhD, заместитель декана по научной работе юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Мергембаева Н.Б. – кандидат юридических наук, доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Қ18

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатын іске асыру аясындағы қылмыстық құқықтың мәселелері мен дамыту перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы = Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы развития уголовного права в свете реализации правовой политики Республики Казахстан» = Collection of Materials of the International Scientific and Practical Conference «Problems and Prospects of the Development of Criminal Law from the Viewpoint of Implementation of Legal Policy of Republic of Kazakhstan». – Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» жеке кәсіпкер, 2021. = Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2021. = Nur-Sultan: Imprenditore individuale «Bulatov A.Zh.», 2021. – 330 б. (с., р.)

ISBN 978-601-337-619-6

На международную научно-практическую конференцию представлены 60 научных статей, из них 47 статей – учеными, научными и практическими работниками и 13 статей – молодыми учеными.

На конференции наряду с казахстанскими учеными, приняли участие представители зарубежных государств, в том числе из Азербайджана, Белоруссии, Киргизии, Литвы, Польши, России, Швейцарии, Эстонии.

Научные доклады подготовлены в соответствии с темой конференции, посвящены вопросам развития и совершенствования уголовного и иных отраслей права, анализу законодательств Казахстана и некоторых зарубежных стран. Также в них исследованы актуальные вопросы и перспективы совершенствования правовых отношений в свете реализации правовой политики Республики Казахстан.

УДК 343.2/.7 (574) (075.8)

ББК 67.408 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-619-6

**ПРОФЕССОР Е.Ә.ОҢҒАРБАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМИ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Тлепина Шолпан Валерьевна

заң ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінің профессоры

E-mail: tlepina_shv@enu.kz

Еркін Ануарұлы Оңғарбаев 1961 ж. 3 қыркүйекте Оңтүстік-Қазақстан облысында туған, заң ғылымдарының докторы (1999), профессор (2002), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының (ҚР ҰҒА) құрметті мүшесі, КСРО ИМ Қарағанды жоғары мектебінің (1980–1984), В.Я. Кикоть атындағы РКФСР ИМ Мәскеу университеті адъюнктурасының түлегі (1987–1990). Докторлық диссертацияны Ресей ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтында қорғады (1999).

Ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық, мемлекеттік, ғылыми-сараптамалық және қоғамдық-саяси қызметі alma-mater – Кеңес социалистік республикалар одағы (КСРО) Ішкі істер министрлігінің (ИМ) Қарағанды жоғары мектебінде (комсомол комитетінің хатшысы, оқытушы, аға оқытушы, доцент, бөлім бастығы, ғылыми жұмыс бойынша бастық орынбасары, 1990–1999) басталды. Одан кейін Қазақстан Республикасы (ҚР) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) білім беру мекемелерінің басқармасында (басқарма бастығы, 1999–2000); Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде (Төраға кеңесшісі, 2000–2003); «ҚазГЗУ» университетінде (оқу, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша проректор, бірінші проректор, академиялық мәселелер бойынша вице-президент, 2003–2007); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінде (төраға, 2007–2010); «Парасат» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» Акционерлік қоғамында (басқарушы директор – басқарма мүшесі, 2010); «Астана» [1] Университетінде (ректор, 2011–2012); Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде (ЕҰУ) (заң факультеті деканы, оқу ісі бойынша проректор, 2013–2015); Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы (бірінші проректор, 2015–2016) және т.б. қызмет атқарып келеді [2].

Е.А. Оңғарбаев ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, Қазақстандағы қылмыстық құқық саласындағы ғалым-заңгерлердің мәскеу мектебі өкілдерінің бірі. Кандидаттық диссертациясы тақырыбы: «Қылмыстардың классификациясы және оның қылмыстық-құқықтық мәні» [3]. Ғылыми жетекшісі – РКФСР ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, з.ғ.д., профессор Н.И. Загородников [4]. Докторлық диссертацияны 1999 ж. Ресей ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтында «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша қылмыстарды жіктеудің теориялық мәселелері» тақырыбында қорғады [5]. Ғылыми жетекшісі – з.ғ.д., профессор А.В. Наумов [6].

Е.А. Оңғарбаевтың диссертациялық зерттеулері, қылмыстық құқық саласындағы жарияланымдары ресейлік ғылыми мекемелерде – КСРО ИМ Мәскеу жоғары мектебі мен Ресей ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтында апробациядан өтті [7]. Аспирант К.Б. Есмагамбетовпен [8] бірлескен авторлықта шығарған «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша ауыр қылмыстар» тақырыбындағы монографиясында Е.А. Оңғарбаев ауыр қылмыстармен күресті теориялық тұрғыдан жалпылау мен сот-тергеу тәжірибесін, сондай-ақ ауыр қылмыстар санаттарының мазмұны ашылатын заң әдебиетінің талдауы ұсынылады. Қылмыстық құқық, криминология және қылмыстық-атқару құқығы тұрғысынан нақты қылмыстарды ауыр қылмыстар санатына жатқызу мәселелері және оларды қылмыстық құқық нормалары мен институттарын құруда қолдану мәселелері қарастырылған.

Осы монографиядағы ауыр қылмыстардың түсінігі мен мазмұнының теориялық негіздемесін Е.А. Оңғарбаев жалпы жіктеу мәселесімен және соның ішінде Қазақстан

Республикасы мен Қазақ КСР қылмыстық заңнаманы салыстырмалы талдау негізінде қылмыстарды жіктеу мәселесімен байланыстырады [9].

Е.А. Оңғарбаевтың пікірінше, ауыр қылмыстар туралы мәселелерді дұрыс түсіну мен терең зерттеу үшін қылмыстық құқық тарихына экскурс қажет. Ауыр қылмыстар туралы нормалардың қалыптасуында батыс еуропалық, атап айтқанда француз және неміс қылмыстық құқық заңнамасының әсері сынағынан өткен Ресейдің революцияға дейінгі заңнамасы үлкен мәнге ие.

Есмагамбетов К.Б. пен Оңғарбаев Е.А. жазуы бойынша, XIX ғ. Ресейдің жаңа қылмыстық заңнамасы жасау кезінде 1813 ж. А. Фейербахтың Бавария Жинағын қайта бағалауды көрсететін жобасын дайындаған неміс профессоры Якоб қатысқан. Тарихи экскурс нәтижесінде Е.А. Оңғарбаев қандай да бір қылмыстық әрекеттерді ауыр қылмыстар санатына жатқызу сұрақтары ойдан шығарылмағаны, керісінше олар өздерінің тарихи мирасқорлығымен ерекшеленетіндігі туралы қорытындыға келді.

Монографиялық зерттеуде ауыр қылмыстардың түсінігі мен мазмұнын толық және дұрыс анықтаудың қажеттілігі ауыр қылмыстар санатының Жалпы бөлімнің басқа институттарымен және Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің нормаларын жасауда кең қолданумен өзара байланысынан шығады. Ауыр қылмыс туралы қылмыстық заң нормаларының мазмұны ауыр қылмыстармен күрестің жағдайы мен нәтижелеріне әсер ететіндігі ескертіледі [9, 8].

Е.А. Оңғарбаевтың Қылмыстық құқықтағы қылмыстарды жіктеудің теориялық негіздері: оқу құралы (Қарағанды, 1992), Қылмыстардың жіктелуі және оның құқықтық мәні (Қарағанды, 1996), Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімі бойынша негізгі ұғымдар мен терминдердің орысша-қазақша сөздігі (Қарағанды, 1996), Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша ауыр емес қылмыстардың жіктелуі (бірлескен авторлықта, Қарағанды, 1998), Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша ауыр қылмыстар (бірлескен авторлықта, Астана, 2001), Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы: Оқулық (бірлескен авторлықта, Қарағанды, 2005) секілді ғылыми зерттеулері, оқу құралдары мен оқулықтары көпке танымал.

Ғалым халықаралық конференциялар мен форумдарға белсенді қатысты. Осылайша, Париждегі ЮНЕСКО форумына, Пекиндегі жаһандану дәуіріндегі қылмыстылық пен қылмыстық құқық мәселелері бойынша халықаралық форумның жетінші сессиясына, Мәскеудегі заңдылық мәселелері бойынша форумға және т.б. еліміздің атынан қатысты.

Е.А. Оңғарбаев үш докторанттың ғылыми кеңесшісі болды, олар: А.Е. Мизанбаева – Қылмыстық-құқықтық реттеу механизміндегі қылмыстың фактілі құрамы (2009), К.А. Бакишева – ҚР абайсызда жасалған қылмыспен күрес (криминологиялық және қылмыстық-құқықтық мәселелері) (2008), В.В. Роота – Қылмыстық құқықтағы тұлға қауіпсіздігінің концептуалды негіздері (2007) және он жеті кандидаттық диссертацияға жетекшілік етті [3].

Е.А. Оңғарбаев Қазақстан ғылымының көрнекті топ-менеджерлерінің бірі. Мамандандырылған жоғары оқу орны бастығының ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, Диссертациялық кеңес төрағасы, бейінді министрліктің ғылым комитеті төрағасы, басқарушы директор – акционерлік қоғам басқармасының мүшесі ретіндегі әкімшілік қызметіндегі тәжірибесі кейінгі кәсіптік және ғылыми-зерттеу қызметінен көрінді.

Үш жыл көлемінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің төрағасы лауазымын атқарды. Осы лауазымды атқаруы кезінде 2007 ж. Е.А. Оңғарбаев Қазақстан мен Ресей Президенттерінің шекаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша саммитіне арналған Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімшесі Новосибирск ғылым орталығында өткен «XXI ғ. Ғылым және білім» симпозиумында қазіргі кездегі ғылым жағдайына арналған баяндама жасады [10]. Қазақстан Республикасы аумағында алыс радионавигация [11] станцияларын құрудың мақсаттылығы мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар жасау мен қарастыруға енгізу бойынша жұмыс топтарының мүшесі болды [12].

Ғылымды ұйымдастырушы ретінде профессор Е.А. Оңғарбаевты отандық ғылым, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің даму процесстерінің өзара шарттылық мәселелері қызықтырады. Аталған институттардың өзара шарттылығын ғалым «қазіргі жағдайда ғылым мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғам институттары жиынтығы, азаматтардың

ғылыми бірлестігі – ғалымдардың ғылыми мүдделерінің ортақтығы нәтижесі, құқықтың үстемдігі шығармашылық тұлғаның дамуына, зерттеушінің жасампаздығы мен өзін-өзі таныту үшін мүмкіндіктердің қалыптасуына жағдай жасайды» деп түсіндіреді. Ғылыми қауымдастық пен мемлекеттік органдардың әлеуметтік әріптестігі ғылыми зерттеу қызметі мен құқықтық актілердің ғылыми сараптамасы мәселелері бойынша атқарушы қызмет органдарымен бірлескен шешімдерді әзірлеуге ғылыми бірлестіктерді тартуды негіздейді. Ғылыми қауымдастық мүдделерін жүзеге асырудың тиімділігі мемлекеттік органдармен сәтті диалог жағдайында айтарлықтай жоғарылауы мүмкін [13, 156].

Қазіргі кездегі дамыған демократиялық мемлекеттерді жоғары әлеуметтік жауапкершілікке ие ғалымдардың өзін-өзі басқаруы барын көрсететін азаматтық ғылыми қауымдастықтар құрылымынсыз елестету мүмкін еместігін атап көрсетеді [13, 157]. Ғылым ұйымдастырушысы ретінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды экономикалық ынталандыруға, соның ішінде салық жеңілдіктері мен преференциялар (салық демалыстары [12] және т.б.) арқылы ынталандыруға көп көңіл бөлді [13, 157-162].

Ғалым және тәжірибе адамы, ғылым саласындағы мемлекеттік орган басшысы ретінде Конституциялық Кеңестің ғылыми қауымдастықпен өзара әрекетінің ғылыми мәнін түсінуі Қазақстан Республикасы Конституциясына жиырма жылдық мерейтой қарсаңында шығарылған ұжымдық монографияда ашылған [14, 361-373]. Онда Конституциялық Кеңестің елдің жетекші жоғары оқу орындарымен норма шығармашылық қызметіндегі өзара әрекет бағыттары қарастырылады. Конституциялық Кеңестің ғылыми-заң қауымдастығымен өзара әрекеттесу аспектілеріне келесілер жатқызылды: ғалым-заңгерлер мен сала мамандарын, тіл мамандары, экономистер және тағы басқа ғылым өкілдерін конституциялық өндіріске, ғылыми-консультациялық және сараптама қызметіне тарту; конституциялық заңдылықты қорғау мен кепілдік беру ісінде бірлескен ғылыми және әдістемелік шаралар өткізу.

Е.А. Оңғарбаев – ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары бойынша Комиссияның мүшесі, ҚР Жоғарғы Соты жанындағы қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы нормаларын қолдану мәселелерін қарастыру бойынша ғылыми-консультативті кеңестің мүшесі, ҚР мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру бойынша докторлық диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңестің бірнеше рет төрағасы болды, ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі [13, 157-162].

ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары бойынша комиссиясының «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарымен жағдай туралы» баяндамасын халықаралық таныстыру рәсімінде Оңғарбаев Е.А. биліктің шынайы тәуелсіз сот тармағын, судьялардың білікті жоғары кәсіби қауымдастығын құру бойынша шараларды ары қарай да қабылдау қажеттігін атады [15]. Сонымен қатар ол «барлық сот процестерінің, сондай-ақ сот билігі органдарының қызметінің ашық болуына бағытталған қажетті тиімді шаралар қабылдауды, соттар мен судьялардың мамандандырылуын тереңдету бойынша шаралар қабылдауды» ұсынды. Және Қазақстанға бас бостандығынан айыру орындарында отырғандардың тығыздығын азайту арқылы түрмеде отырғандардың санын қысқарту мен қамалғандардың жағдайларын жақсарту бойынша шаралар қабылдау ұсынылғанына назар аударды. Сөзін қорытындылай келе, қылмыстық түзеу жүйесінің ашық болуын қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейтуді, сондай-ақ, түзеу орындарындағы ішкі тәртіп ережелерін Конституцияға сәйкес келтіру керектігін қосты. Баяндама Мемлекет басшысының, халықаралық және ұлттық сарапшылардың оң бағасына ие болды және жеке таралыммен жарияланды [16]. Аталған комиссиялар мен кеңестердің мүшесі ретінде Е.А. Оңғарбаев Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті студенттерімен, магистранттарымен, докторанттарымен кездесуге белсенді қатысады [17]. Кездесулер барысында білім алушыларды комиссия қызметімен және еліміздегі адам құқықтарының сақталуы жағдайымен таныстырады [18].

Жоғары кәсібилігі үшін Оңғарбаев Е.А. «Құрмет» орденімен (2006), «Қазақстан Республикасының көрнекті қайраткері» құрметті атағымен (2015), «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Астанаға 10 жыл» (2008), «Қазақстан Республикасы

Конституциясына 10 жыл» (2005), «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл» (2015), «Астана» (2006), «Қазақстан халық Ассамблеясына 20 жыл» (2015) медалдерімен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2004), «ҚР ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» (2006), «Ы. Алтынсарин» (2008) төс белгілерімен марапатталған.

Өзінің іскерлік және адамгершілік қасиеттерінің арқасында Еркін Ануарұлы Оңғарбаев өзін білгір басшы ретінде көрсетті. Тәжірибелік дағдыларымен үйлескен терең теориялық білім иесі бола отырып Е.А. Оңғарбаев жоғары кәсіби заң білімі мен заң ғылымының дамуына, заңнаманы жетілдіруге және заңдылықты нығайтуға үлкен үлес қосты. Е.А. Оңғарбаевтың кәсібилігі мен ғылыми жетістіктері жас ғалымдар үшін үлгі [19].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <http://kazinform.kz/rus/article/2467308>
2. <http://www.enu.kz/ru/lica-enu/ongarbaev-erkin-anuarovich/>
3. Ким К.В. Оңғарбаев Еркін Ануарович / В кн.: Видные ученые-юристы Казахстана XX – начала XXI веков. Энциклопедический справочник. В трех частях. Ч. 1-3 (отдельными книгами) / МО и Н РК. Университет КАЗГЮУ / Под общ. ред. д.ю.н., проф. С.Ф. Ударцева. Часть 3. О – Я – Астана: Типография «Дәме»; ТОО «КазГЮУ Consulting», 2017. – С. 9-11.
4. Московский университет МВД РФ им. В.Я. Кикотя <https://мосу.мвд.рф/Universitet/Istoriya>
5. Қараңыз: Загородников Николай Иванович: биография // <http://www.people.su/41504>
6. Қараңыз: Наумов Анатолий Валентинович: биография <http://www.people.su/79206>
7. Оңғарбаев Еркін Ануарович (персональная справка) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30126675#pos=16;-242
8. К.Б. Есмагамбетов, аспирант Е.А. Оңғарбаева. Тема кандидатской диссертации Тяжкие преступления по уголовному праву Республики Казахстан (2000).
9. Қараңыз: Оңғарбаев Е.А., Есмагамбетов К.Б. Тяжкие преступления по уголовному праву Республики Казахстан. Астана: Фолиант, 2001. С. 8, 28.
10. Россия – Казахстан: горизонты сотрудничества. «Наука в Сибири». № 39 (2624) 11 октября 2007 г. <http://www.sbras.ru/HBC/hbc.phtml?3+434+1>
11. Қараңыз: Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 7 ноября 2007 г. № 327-р «О создании рабочей группы для выработки предложений по вопросу целесообразности создания на территории Республики Казахстан станций дальней радионавигации» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30142363#pos=2;-284 (қаралған күні 24.07.2016 ж.); <http://www.parasat.com.kz/index.php?id=129>
12. Қараңыз: Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 26 июня 2009 г. № 91-р «О создании рабочей группы по вопросам совершенствования системы управления наукой Республики Казахстан» https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/nauka/id-R090000091/
13. Оңғарбаев Е.А. Отечественная наука в контексте формирования гражданского общества и правового государства / В кн.: Первый Президент Республики Казахстан и формирование правового государства / Под общ. Ред. А.С. Сағынғали, Б.М. Каиповой, Г.Б. Карагизовой. Ч. 2. Алматы: Издательский дом «Таймас», 2010. С.156.
14. Оңғарбаев Е.А. Взаимодействие Конституционного Совета с научной общественностью / В кн.: Конституционный контроль в Казахстане: доктрина и практика утверждения конституционализма: Монография / Под ред. И.И. Рогова, В.А. Малиновского. Алматы: Паритет, 2015. С. 361-373.
15. [15.http://www.akorda.kz/ru/executive_office/presidential_commissions/komissiya-pravam-cheloveka](http://www.akorda.kz/ru/executive_office/presidential_commissions/komissiya-pravam-cheloveka)
16. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30126675#pos=0;0
17. Комиссия по правам человека рекомендует сделать суды Казахстана более открытыми и прозрачными https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/komissiya-pravam-cheloveka-rekomenduet-sdelat-sudy-220575
18. Встреча Членов Комиссии по правам человека при Президенте РК со студентами, магистрантами и докторантами ЮФ <http://archive-kz.com/page/4691215/2014-10-05/> http://yur.enu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=853:2014-09-30-05-21-42&catid=3:2011-07-04-16-43-09&lang=ru&Itemid=

19. Қосымша шыққан еңбектер: Трудовая деятельность и научная школа профессора Е.А. Онгарбаева / Авторы и сост. Нурмагамбетов А.М., Тлепина Ш.В., Жаркенова С.Б., Галиакбарова Г.Г. – Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2021. – 274 с.; Нургали К., Оспанова А. Профессионализм, выверенный пандемией // Білімді Ел – Образованная страна. – 2021. – 24 августа. – № 32 (286). – С. 10; Сақ Қ. Зиялылық заңғары. // Tūrkiстан. – 2021. – 2 қыркүйек. – № 35 (1412). – 7 б.; Қамзабекұлы Д. Аманатқа адалдық. // Astana aqshamy. – 2021. – 2 қыркүйек. – № 102-103 (4227). – 9б.; Мукашева А. Юбилей Учителя, ученого и человека // Вечерняя Астана. – 2021. – 2 сентября. – № 102-103 (4245). – С. 11; Тлепина Ш. Видный ученый-юрист, организатор юридического образования и науки // Білімді Ел – Образованная страна. – 2021. – 07 сентября. – № 33 (287). – С. 9.

УДК 340.1

СУЩНОСТЬ, ФУНКЦИЯ И НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ РЕГУЛЯТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Абдрасулов Ермек Баяхметович

доктор юридических наук, профессор кафедры теории и истории государства и права ЕНУ
им. Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
e-mail: aermek_19@mail.ru

Правовая культура государственных служащих, рассматриваемая в контексте с правовыми явлениями и в целом со сферой права, представляет собой те же характеристики профессиональной культуры, однако ее ментальная сторона представлена профессионально-правовой направленностью, профессионально-правовым мышлением, профессионально-правовыми ценностями и т.д.

1. Государственные служащие как профессиональная группа.

В этой связи, прежде чем остановиться на характеристике и сущности профессиональной правовой культуры государственных служащих, следует выяснить вопрос о том, в чем выражается профессиональность правовой культуры государственных служащих? Ведь под профессиональной правовой культурой необходимо понимать важный элемент правовой культуры общества, взаимосвязанный с понятием определённых видов групповой профессиональной культуры. Можно ли рассматривать государственных служащих как определенную профессиональную группу, независимо от того, что государственные служащие могут работать в совершенно различных сферах государственного управления: в сфере экономики, сельского хозяйства, судебной системы, культуры, образования, в региональных органах исполнительной власти (в аппаратах акимов) и др. Есть ли основания объединять всех государственных служащих независимо от сферы профессиональной деятельности в традиционном ее понимании (юрист, аграрий, судебный, менеджер, экономист, финансист и т.д.) в отдельную социальную группу, придавая ей качественные профессиональные признаки, как в случае с социальными группами врачей, юристов, железнодорожников, строителей, механиков, политологов, историков, химиков и др.?

В целях выяснения поставленных вопросов необходимо обратиться к анализу термина «государственный служащий», который представлен п.12 ст. 1 Закона Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V «О государственной службе Республики Казахстан». Государственным служащим является гражданин Республики Казахстан, занимающий в установленном законодательством Республики Казахстан порядке оплачиваемую из республиканского или местных бюджетов либо из средств Национального Банка Республики Казахстан государственную должность в государственном органе и осуществляющий должностные полномочия в целях реализации задач и функций государства.

Данная дефиниция в значительной мере выделяет государственных служащих в определенную социальную группу, деятельность и решения которых, по сути, должны на